

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 1 қарашадағы № 469 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 қарашада № 4776 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 5-1) тармақшасына және 69 бабының 4 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Сарыағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "TNS-Plus" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "БС Саруг-город Шымкент (СВИЧ)" магистральды талшықты оптикалық байланыс желісін орналастыру және пайдалану үшін жер учаскелерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан жер учаскелеріне 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 20.01.2021 № 10 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Алынып тасталды - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 10.11.2022 № 334 қаулысымен (алғашы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Сейтимбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Абдуалиев

Сарыағаш ауданы әкімдігінің

1 қараша 2018 жылғы

№ 469 қаулысына қосымша

"TNS-Plus" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "БС Саруг-город Шымкент (СВИЧ)" магистральды талшықты оптикалық байланыс желісін орналастыру және пайдалану үшін жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу көлемдері

№	Жер пайдаланушылар атауы	қауымдық сервиту	соның ішінде:			
			ауыл шаруашық	оның ішінде:		
				егістік	оның ішінде:	шабындық

1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Ақжар ауылдық округі	2,252	0,100	0,100	-	-	-	0
2	Дербісек ауылдық округі	1,464	0,708	-	-	-	-	0,708
3	Қызылжар ауылдық округі	2,488	1,048	0,760	-	-	-	0,288
4	Қабланбек ауылдық округі	1,628	1,00	0,212	-	-	-	0,788
5	Сарыағаш қаласы	2,412	1,448	-	-	-	-	1,448

кестенің жалғасы

елді мекендердің жері	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығын арналмаған өзге де жер	ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер	орман қорының жері	су қорының жері	босалқы жер
10	11	12	13	14	15
-	-	-	-	-	2,152
-	-	-	-	-	0,756
-	-	-	-	-	1,440
-	-	-	-	-	0,628
0,692	-	-	-	-	0,272